

Машабаев А.Ж.
академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік
университетінің доценті, з.ғ.к.

Ерқанатқызы Г.
академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік
университетінің магистранты

Сыбайлас жемқорлық ұғымын анықтау сұрақтары

Мемлекет басшысы 2015 жылы 6 мамырдағы Үкіметтің кеңейтілген отырысында бес институттық реформаны жүзеге асыратын «100 нақты қадамды» белгіледі. Ондағы негізгі мәселелер мемлекеттік қызметшінің ынтасы мен кәсіби деңгейін арттыра отырып, оған жүктелген кез-келген міндеттемелерді жүзеге асыруда оңтайлы шешім қабылдауға жол ашады. Мысалы, мемлекеттік қызметке баратын үміткерлер үшін департамент тарапынан қолжетімді мемлекеттік қызметке орналасу жөніндегі бос орындарға жарияланған хабарландыруларды іздеу жүйесінің кең аудиторияға арналған қанатқақты жобасы жасалды. Ел басымыз Н.Ә.Назарбаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің белгілеп берген бағдарламалық бағыттары:

- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басымдығы, оны тудыратын себептер мен оған ықпал ететін шарттарды жою;
- мемлекеттік ресурстарды бөлуді бақылауды күшейту;
- мемлекеттік органдардың рұқсат беру функцияларын іске асыруын бақылау;
- сыбайлас жемқорлықпен күреске өкілетті билік органдарын кеңінен тарту;
- әр түрлі салаларда сыбайлас жемқорлықтың орын алу деңгейін анықтау кезінде халықаралық рейтингтер жүйесін пайдалану;
- халықаралық институттардың, отандық үкіметтік емес ұйымдар мен саяси партиялардың, мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасасуы[1].

Сыбайлас жемқорлық термині кең мағыналы. Оны латын тілінен аударғанда - «сатып алу» деген ұғымды білдіреді. «Соггумріге» анықтамасы Рим құқығында кең көлемде

«сындыру», «бүлдіру», «күйрету», «фальсификациялау», «сатып алу» сияқты сотталуға апаратын заңсыз әрекеттерді білдіреді. Бұл ұғым латынның «Cogere»- бір затқа бірнешедеген адамның атысуын және «gumpere»- «сындыру», «бүлдіру», «бұзу» деген ұғымдар қосындысынан шыққан. Осының нәтижесінде бірнеше (екеуден немесе одан да көп) адамдардың қоғамдық істерді басқару үрдісін немесе сот процесінің қалыпты жағдайын «бұзу», «бүлдіру» мақсатында жасайтын іс-әрекеті деген жеке термин пайда болды. Сондықтан сыбайлас жемқорлық туралы сөз болғанда ең алдымен шенеуніктердің сатылғыштығы немесе мемлекеттік лауазымды тұлғалардың, сонымен бірге саяси өкілдерінің сатылғыштығымен түсіндіріледі[2, 105].

Қазақстан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың заңнамалық базасын және жүйесін әзірлеуде алдыңғы қатарда. Бұған басты айғақ – 1998 жылы 2 шілдеде қабылданған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасы заңы. Одан кейін қабылданған 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс делінген.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 23 желтоқсандағы №1686 Жарлығымен бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2009-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстанның 2050 жылға дейінгі Даму стратегиясы мен Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы халыққа Жолдаулары аталған күреске қарсы бағытталған. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік құбылыс ретінде саяси дамуына қарамастан қазіргі кезде әлемнің барлық елдеріне тән және олардың тек ауқымымен ғана ерекшеленеді. Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі ретінде айқындалған. Қабылданған нормативтік құқықтық актілер есебінен сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы күрес жүйелі және кешенді сипат алды.

Мәселен, орталық мемлекеттік органдар функцияларының бір бөлігін өңірлерге және жеке секторларға кезең-кезеңмен бере

отырып, олардың функцияларын біртіндеп орталықтан алу жүзеге асырылуда, монополия саласы қысқартылуда және мемлекеттік қызмет түрлерін көрсету саласында бәсекелестікті дамыту үшін жағдайлар жасалуда, халыққа қызмет көрсету кезінде «жалғыз терезе» қағидасы енгізіліп отыр. Мемлекеттік қызметшілерді конкурстық іріктеу рәсімдерінің айқындылығы мен объективтілігі, олардың мәртебесіне байланысты шектеулерді сақтау қамтамасыз етілген. Қазақстандық ғалым А.А.Черняковтың пікірінше, сыбайлас жемқорлық туралы анықтаманың нормативтік моделін жасау керек. Егер дүниеде сыбайлас жемқорлық бар болса, оған сәйкес заңдық моделін жасап, қылмыстық заңның нақтылы нормасы түрінде анықтаманы құрастыру керек. Бұл қылмыстық нормада сыбайлас жемқорлық деп аталған қылмыс құрамының барлық бөлшектері бейнесін табу керек [2, 142].

С.Мәметтің пікірінше «Сыбайлас жемқорлық ұғымы үшін қылмыстық заңда орын жоқ». Сондықтан С.Мәметтің ұсынысы бойынша, «сыбайлас жемқорлықты: 1) қәуілгі заң тіліне аудару керек, 2) оны ұйымдасқан қылмыстық әрекетпен бірге көріп, екеуі үшін жауаптылықты құқық тұрғысынан бірге қудалау керек, 3) қылмыстық кодекске бір қатар жаңа қылмыс құрамдардың кіргізу керек, мысалы, «коммерциялық пара беріп сатып алу үшін жауаптылық туралы» [3, 2]. Н.Ф. Кузнецова сыбайлас жемқорлықтың шеңберінде терминологиялық және мазмұн жағынан ерекшеленіп тұрған әрекеттерді қамтиды [4, 203]. Сонымен, қылмыстық құқықтық мағынада жемқорлықтың мәні қызметкерлерді сатып алуда. Бұл лауазымдық қасіреттің қауіпті түрі, сондықтан оған мән бермеуге болмайды.

Криминология ғылымында жемқорлық ұғымы мемлекеттік және қоғамдық мүдделерге зиян келтіретін лауазымды тұлғалардың заңсыз келісіп жасаған әрекеттеріне негізделген қатынастардың жүйесін, ұйымдасқан қылмыскерліктің негізгі белгілерінің бірін бейнелейді. Криминология ғылымында жемқорлық мәселесі ұйымдасқан қылмыскерлік мәселенің шеңберінде қаралады.

Кейбір ғалымдар сыбайлас жемқорлық нысандардың лауазымдық қылмыстардың барлық танымал түрлеріне дәлме-

дәл келуіне назар аударады. Шетел зерттеушілер сыбайлас жемқорлыққа пара алушылықты, непотизмді (жеке байланыс негізінде қамқоршылықты көрсету) және қоғамдық қаражатты заңсыз жеке адамның қолына түсіріп алып пайдалануды жатқызады. Е. Алауханов сыбайлас жемқорлықты әлеуметтік басқару саласындағы құбылыс деп табады. Басқарма субъекттері өздерінің билік өкілдіктерін жеке немесе топтық материалдық мақсаттарына жету үшін пайдаланып қоғамға зиян келтіреді. Сонымен, Е.Алауханов сыбайлас жемқорлықты билік немесе қызмет орнын өз пайдасына қолданумен теңестіреді[5, 32].

С.Мәмет сыбайлас жемқорлықтың көріністеріне «парақорлық, өз пайдасын мақсат етіп қызмет орнын пайдалану және т.с.с. қылмыстарды»[3, 36] жатқызады, бірақ нақтылы қандай қылмыстылық «жемқорлық» ұғымын қамтиды деген сұраққа жауап бермейді.

Бірақ сыбайлас жемқорлықты лауазымды тұлғаны сатып алғандықпен ғана теңестіруге болмайды. Сонымен, қылмыстық құқықта сыбайлас жемқорлық мәселесінің бірыңғай шешімі жоқ.

И.Б. Малиновский өзінің пікірінде «сыбайлас жемқорлық» ұғымын тікелей ұйымдасқан қылмыстылықпен байланыстырады. Сыбайлас жемқорлық ұйымдасқан қылмыскерліктің басты белгісі болып, мемлекеттік мекемелерді, олардың қатарындағы құқық қорғаушы органдарды да ұйымдасқан қылмыскерліктің өкілдеріне қызмет етуге көндіретін құрал, тәсіл ретінде қолданады. И.Б. Малиновскийдің «сыбайлас жемқорлық» ұғымын анықтаудағы екі негізгі көзқарасын ғалымдардың көбісі білдіреді: жемқорлық- бұл әрбір қоғамға тән мемлекеттік аппараттың қызметкерлерін (лауазымызды тұлғаларын) сатып алу жүйесі, оның мақсаты - заңсыз материалдық сыйлықтарды берген немесе басқа жеке пайдасын тигізген тұлғалардың мүдделерін қанағаттандыру үшін мемлекеттік қызметкерлердің іс- әрекеттерді жасауы керек[6, 8]. Екінші көзқарас бойынша, сыбайлас жемқорлық -мемлекеттік қызметкерлердің өз қызмет орнын заңда көзделмеген жеңілдіктерді немесе мүліктер алу үшін пайдалануы. Бұл жағдайда сатып алу жағымсыз (дұрыс емес) құбылыстың бір бөлігі ретінде шығады. Екінші көзқарас сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттеріне мемлекеттік қызметкерлердің қоғам үшін қауіпті әрекеттерінің барлық негізгі

түрлерін жатқызып, оларды өздік құбылыс ретінде және ұйымдасқан қылмыскерліктің белгісі ретінде көрсетеді.

Көп елдердің тәжірибесіне негізделіп БҰҰ – ның Жетекші нұсқауларында сыбайлас жемқорлық ұғымның мазмұнына кіретін мына белгілерді көрсетті:

1) лауазымды тұлғалардың мемлекеттік меншікті ұрлауы, жымқыруы және өз меншігіне айналдыруы,

2) жеке пайдасын табу үшін ресми мәребесін бейресми мақсатпен қолданудың нәтижесінде қызмет орынды мемлекетке зиян келтіріп пайдалану,

3) қоғымдық борышты атқару мен пайдакүнемдіктің арасындағы кикілжің, БҰҰ Сегізінші Конгрессінің секретариаты (Гавана 1990 ж. тамыз, қыркүйек) дайындаған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізудің практикалық шаралары» деген жетекші нұсқауларында сыбайлас жемқорлық түсінігі туралы қазіргі халықаралық деңгейдегі көзқарас көрініс тапты. Бұл құжат бойынша, әлемдік қауымдастықтың назарына сыбайлас жемқорлық ұғымының мына ерекшеліктері ұсынылды:

1) Бұл ұғымның мазмұнына сыбайлас жемқорлық субъектісінің өз қызметтік мәртебесін заңсыз пайдалануда көрініс тапқан, сыбайлас жемқорлық сипатын білдірген қылмыстық құқықты, этиканы (өнегелікті), тәріпті әкімшіліктік бұзғандық кіреді.

2) Сыбайлас жемқорлық әрекетпен айналысқан субъекттердің санын мемлекеттік лауазымды тұлғалармен шектеді. Сыбайлас жемқорлық әрекеттерді қарастырғанда, яғни заңсыз пайда тапқан (мүлікті алған, көрсетілген қызметті немесе жеңілдіктерді көрген) шенеуніктермен бірге сыбайлас жемқорлық субъектілерінің қатарына осы пайданы шенеуніктерге көрсеткен жеке және заңды тұлғалар қосылады.

Сонымен, сыбайлас жемқорлық әлеуметтік құбылыс ретінде қаралғанда өте кең мағынада түсіндіріледі, яғни этиканы бұзған, мемлекеттік қызметкер жетек ететін өнегелілік ережелеріне қол сұққан заң бұзушылық ретінде көзделеді. Сонда қылмыстық жазасын тартатын сыбайлас жемқорлық бұл қылмыстың бір түрін ғана құрайды. Басқа түрлеріне (саны ең көп болғандарға) тәртіптік және әкімшілік сипаттағы заңсыз қылықтар жатады. Бұл көзқарас қазіргі күні үстемдігін білдірмейді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» Астана, 2015 жылы 30 қараша // <http://www.akorda.kz/kz/>
- 2 Черняков А.А. Коррупция и ее юридические признаки // Борьба с организованной преступностью и коррупцией: Материалы международной конференции. – Алматы:, 1996. – 150с.
- 3 Мәмет С. Сыбайлас жемқорлықпен күрес нақандық шаруа емес. //Егемен Қазақстан. - №135-136. 2008. – Б. 2.
- 4 Кузнецова Н. Ф. Коррупция в системе уголовных преступлений // Вестник МГУ, Сер. 11. Право. -1993. № 1. – С.196-204.
- 5 Алауханов Е. Казахстанское и зарубежное антикоррупционные законодательства //Заң және Заман, -2008. №1. – С. 32.-39.
- 6 Малиновский И.Б. Коррупция: проблемы уголовной ответственности государственных служащих. - М., 1996. – 318с.

Машабаев А.Ж.

академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің доценті, з.ғ.к.

Ерқанатқызы Г.

академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің магистранты

Сыбайлас жемқорлықты алдын алудың өзекті мәселелері

Сыбайлас жемқорлыққа қылмыстық-құқықтық баға берудің өз ерекшелігі бар. Бұл баға екі өлшемге негізделеді: 1) асып кеткен әлеуметтік қауіптілік өлшемі, 2) заңды бұзатын сыбайлас жемқорлықтың дәстүрлік өлшемі. Қылмыстық жазасын тартатын жемқорлықты халықаралық тұрғыдан анықтауға негізделіп және ҚР ҚК -нің 3 бабында қамтылған кейбір ұғымдарды түсіндіру барысында берілген лауазымды тұлға, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам туралы ұғымға қарап, сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерінің тізімінде көзделген сыбайлас жемқорлық қылмыстардың тізімінен кең екенін көруге болады.

Заңдық әдебиеттерде кең тараған көзқарас бойынша, жемқорлық ұғымында лауазымды тұлғалардың өз пайдасын табу